Тақырыбы: «Тіл реформаторы-Ахмет Байтұрсынұлы»

Мақсаты: Ұлттың ұлы ұстазы, ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаянын, еңбек жолын, жастарға баяндап, өскелең ұрпақ арасындағы патриотизмді насихаттау.



Ахмет Байтұрсынұлы жасаған қазақ әліпбиі. Ахмет Байтұрсынұлы — қазақ әліпбиінің негізін қалаған ағартушы. Оның араб графикасын таңдауының өзіндік себебі бар. Адам оңнан солға қарай жазғанда қолы тез талып кетпейді. Байтұрсынұлы құрастырған әліпби меңгеруге де жеңіл. Төте жазу аталуының себебі — осы. Оны Қытайдағы қазақтар әлі күнге дейін қолданып келеді



Ахмет Байтұрсынұлы білім алған мектеп. Алаш зиялысы Торғайда қазақ-орыс мектебінде төрт жыл білім алған. Одан кейін Орынборда мұғалім болып бес жыл қызмет еткен. Тоғыз жылдық қана білімі болса да, ол артына мол мұра қалдырды. Соның барлығы қазір өзінің үйінде, «Қазақ санасының шамшырағы» деп аталатын бөлмесінде жиюлы тұр.